

IRSTI 14.07

DOI: <https://doi.org/10.47344/caa3k742>*Құдайберді Бағашаров¹*¹SDU University, Қаскелең, Қазақстан*e-mail: k.bagasharov@sdu.edu.kz

ГИБРИДТІК ОҚЫТУ: БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ОНЛАЙН ӘДІСТЕРДІ БІРІКТІРУ

Аңдатпа. Қазіргі педагогика ғылымында инновациялық білім берудің жаңа ұғымдарының бірі - «Гибридтік оқыту» (hybrid learning). Мақалада заманауи білім беру жағдайында дәстүрлі педагогикалық әдістерді инновациялық онлайн технологиялармен біріктіретін тиімді стратегия ретінде гибридтік оқытудың ерекшеліктеріне талдау жасалған. Соңғы жылдары Гибридті оқыту мен аралас оқыту (blended learning) заманауи білім беруде кең таралған тәсілге айналууда. Гибридті оқытудың негізгі принциптері, маңызды құрамдас бөліктері және бұл оқытудың икемділігі мен артықшылықтары сөз болады. Бұған қоса, технологиялық қолдау, сапалы интернет-ресурстарды құру және мұғалімдердің біліктілігін арттыру сияқты гибридті оқытудың сәтті жүзеге асырылуын анықтайтын факторлар талқыланады. Мақала гибридтік оқытудың практикалық және теориялық аспектілеріне жан-жақты шолу жасайды, оның икемді және жекелендірілген білім беру жолдарын құру үшін заманауи білім берудегі өзектілігі мен әлеуетін көрсетеді. Аталған әдістемені оқу үдерісіне табысты енгізу бойынша ұсыныстар жасалады.

Түйін сөздер: гибридтік білім беру, аралас оқыту, сандық трендтер, инновациялық оқыту әдісі, ақпараттық технология.

Негізгі бөлім

Білім берудегі жаңа әдістердің дамуына әр түрлі кезеңдерде білім беру жүйесіне елеулі әсер еткен бірнеше факторлар түрткі болды. Жаңа технологияларды енгізу оқытудың жаңа әдістерін игеруге жол ашқан негізгі факторлардың біріне айналды. Онлайн платформалар, интерактивті қосымшалар, виртуалды шындық және басқа технологиялардың күші оқытудың икемді және интерактивті түрлерін құруға мүмкіндік берді. Еңбек нарығы талаптарының үнемі өзгеруі табысты мансап үшін қажетті дағдылар мен құзыреттерге жаңашылдық енгізді. Бұл тек теориялық білімді ғана емес, сонымен қатар қазіргі жұмыс ортасының талаптарына бейімделген практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған білім берудің дамуын ынталандырды. Педагогика мен оқыту бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер оқушылардың оқуын жақсартатын жаңа әдістерді анықтауға көмектесті. Бұған оқытудың белсенді әдістерін, жеке тәсілдер, формативті бағалау және т.б. жатқызуға болады. Жаһандық бәсекелестік пен қоғамдағы өзгерістердің жылдам қарқыны жағдайында білім беру жүйелері бейімделгіш және икемді болуға ұмтылады. Оқытудың жаңа әдістері студенттерді қазіргі заманның өзгермелі талаптары мен сын-қатерлеріне жақсырақ дайындауға мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа әдістері мұғалімдерге әртүрлі студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқу тәжірибесін бейімдеуге көмектеседі. Осы аталған факторлар білім беру жүйесінде оқытудың жаңа әдістерін әзірлеуге және енгізуге айтарлықтай әсер етті, оқытудың икемді, тиімді және жаңашыл тәсілдерін дамытуды ынталандырды. Әлемді кең қамтыған пандемия шектеулерін де ескерсек, оқытуды ұйымдастырудың практикалық тәжірибесі гибридтік оқыту түріне ауысуды жеделдетіп, университет деңгейінде оқу процесін ұйымдастыру үлгілерінің кеңінен дамуына ықпал етті.

Электронды оқыту технологияларын зерттеу әр елде қызығушылық тудырғаны белгілі. Атап айтқанда, желіні қалыптастыру процесінде білім беру қызметін модельдеу (П. Верхаген, С. Даунс, И. Иллих, Д. Сименс); онлайн курстарды құрастыру және жүзеге асыруда

ризоматикалық оқыту (Д. Кормье); сыныптан тыс оқыту (С.Френет); бетпе-бет интеграциясы және модальділік дәрежесі әртүрлі онлайн форматы (Н. Staker, М. Horn); дәстүрлі және электронды оқытудың технологияларын, әдістерін, құралдары мен ресурстарын біріктіру (Т. Стоун); бетпе-бет және электронды оқытудың әртүрлі ресурстарының үйлесімі негізінде оқыту әдісі (Д. МакКлеллан, Г. Крудыш); консалтингтік модель, корреспонденциялық модель, реттелетін (басқарылатын) өзін-өзі оқыту моделі (Р. Тайнинга, И. Сейнен) және басқалары [1, 129]. Аталған әртүрлі модельдердің тиімділігін талқылау білім беру тәжірибесін дамыту және білім беру әдістерін жетілдіру үшін маңызды. Әрбір модельдің өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар, әрі олар білім алушылардың қажеттіліктеріне, оқу контекстіне және оқыту мақсаттарына сәйкес қолданылады. Атап айтқанда, «Желіні қалыптастыру процесінде білім беру қызметін модельдеу» білім беру процесін әртүрлі қатысушылар мен ресурстарды біртұтас желіде ұйымдастыруды көздейді. Желіні қалыптастыру моделінің тиімділігі оқушылардың білім алуында әртүрлі ақпарат көздеріне оңай қол жеткізуге, өзара қарым-қатынасқа және бірлескен жұмысқа негізделген. Бұл модель білім алушылардың дербестігін арттырады, бірақ оның кемшілігі – оқытушының бағыттаушы рөлі кейде шектеулі болып қалуы мүмкін, ал студенттер өз бетінше жұмыс істеу үшін жоғары деңгейдегі жауапкершілікке ие болуы тиіс. «Ризоматикалық оқыту моделін онлайн курстарды құрастыру және жүзеге асыру» теориясы бойынша білім беру жүйесі динамикалық, икемді және тұрақты емес құрылым ретінде қарастырылады. Бұл модельдің басты артықшылығы – ол оқушылардың зерттеу және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған, өйткені оқыту процесі тек бірізді бағытпен шектелмейді. Тиімділігі оқушылардың әртүрлі танымдық жолдармен білім алу мүмкіндігінде, бірақ қиындықтары – оқу үдерісінің тым бейресми құрылуы және кейбір оқушылардың осындай икемділіктен шатасуы мүмкін. «Сыныптан тыс оқыту моделі» дәстүрлі оқытуды толықтырып, білім беру процесін сыныптан тыс ортаға кеңейтеді. Оның тиімділігі – білім алушылардың білімін тәжірибелік контексте қолдану мүмкіндігі, білім берудің өмірлік маңызын түсінудің артуы. Алайда, сыныптан тыс оқыту кейде бақылауды азайтады және оқушылардың тәртіп деңгейі мен мотивациясы төмен болса, оқу нәтижелері күрт төмендеуі мүмкін. «Бетпе-бет интеграциясы және модальділік дәрежесі әртүрлі онлайн форматы» моделі дәстүрлі бетпе-бет оқыту мен онлайн оқытудың әртүрлі форматтарын үйлестіріп, олардың артықшылықтарын пайдалануды көздейді. Тиімділігі – студенттерге икемді оқу мүмкіндігі мен қолжетімділік, оқу материалдарына 24/7 қолжетімділікті қамтамасыз ету. Алайда, кейбір студенттер үшін бұл модель жеткілікті қолдау көрсетпейтіндей көрінуі мүмкін, себебі бетпе-бет және онлайн форматтардың арасында тепе-теңдік сақтау қиын. «Дәстүрлі және электронды оқытудың технологияларын, әдістерін, құралдары мен ресурстарын біріктіру» моделі дәстүрлі оқыту әдістерін заманауи электронды құралдармен үйлестіріп, сабақ өткізу процесін тиімдірек етеді. Оның тиімділігі білім беруде жоғары икемділік пен инновацияға қол жеткізуінде, бірақ бұл модельді тиімді қолдану үшін мұғалімдер мен студенттердің ақпараттық технологиялармен жақсы жұмыс істей білуі қажет. «Бетпе-бет және электронды оқытудың әртүрлі ресурстарының үйлесімі негізінде оқыту әдісі» бетпе-бет кездесулер мен электронды ресурстарды үйлестіріп, оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Тиімділігі – әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы білім алушылардың белсенділігін арттыру және жеке оқу траекторияларын құру. Кемшілігі – осындай кешенді әдісті басқару мен ұйымдастырудың күрделілігі, әсіресе материалдарды дұрыс үйлестіру қажет болғанда. «Консалтингтік модель» студенттердің білім алу үдерісін консалтинг арқылы қолдау арқылы жүзеге асырылады, мұнда оқытушы кеңесші рөлінде болады. Оның тиімділігі – студенттерге дербестік пен шығармашылыққа негізделген оқытуды қолдау. Бірақ, консалтингтік модельде студенттің өздігінен жұмыс істей білу қабілеті маңызды, себебі оқытушының дәстүрлі бақылаушы рөлі жоқ. «Корреспонденциялық модельде» оқытушылар мен студенттер қашықтықтан, корреспонденция арқылы байланыс орнатады. Бұл модель әсіресе қолжетімділік мәселесін шешуде тиімді, бірақ оның кемшілігі - мұндай форматта оқыту кейде оқытушы мен студенттің арасындағы байланыстың әлсіз болуына әкелуі мүмкін, бұл оқу үдерісінің интерактивтілігін төмендетеді. «Реттелетін (басқарылатын) өзін-өзі оқыту моделі»

студенттердің өзін-өзі оқытуын ұйымдастыруға бағытталған, бірақ оқыту үдерісі оқу құралдарының, материалдардың және арнайы платформалардың көмегімен реттеледі. Тиімділігі – студенттің өз оқуын басқару және жеке темпмен оқу мүмкіндігі. Дегенмен, бұл модельде студенттерге мотивацияны сақтау қиын болуы мүмкін, себебі оқу үдерісі көбінесе өздігінен білім алуға байланысты. Әрбір модельдің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар, және олардың тиімділігі оқушылардың қажеттіліктері мен оқу ортасына байланысты өзгеруі мүмкін. Гибридтік және интеграцияланған модельдер қазіргі білім беру жүйесінде икемділік пен инновацияны қамтамасыз етсе, дәстүрлі әдістер оқушыларға бекітілген құрылымды ұсынады. Сондықтан, ең тиімді модельдерді таңдау кезінде контекстке назар аудару және оқыту мақсаттарына сәйкес модельдер комбинациясын қолдану маңызды.

Жалпы шетелдердегі қалыптасқан тәжірибеде бұрыннан келе жатқан дәстүрлі түрде оқыту *teacher-centered* (мұғалімге бағдарланған оқыту) деп аталады, мұнда мұғалім басқарушы, бақылаушы және оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қабылданады. Ал кейінгі кездегі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып оқыту *student-centered* аталады. Яғни білім алушыға бағытталған оқыту түрі. *Active Student* оқу уақытын жоспарлайды, сондықтан оқу процесінде өзінің білім беру траекториясын құрады. Мұғалімнің басшылығымен немесе өз бетінше оқитын студент оқу материалдарын онлайн немесе офлайн режимде оқиды, топпен немесе оқу процесінің басқа қатысушыларымен чаттар мен форумдарда, электрондық пошта арқылы өзара әрекеттеседі, электронды тестілеу арқылы өз құзыреттілігін тексереді және т.б. [1, 130]. ЮНЕСКО электрондық оқытуды интернет пен мультимедианы пайдалану арқылы оқыту деп түсіндіреді. Педагогикалық тәжірибеде электронды оқытудың бірнеше түрі қолданыста: атап айтқанда, *Blended Learning* – аралас оқыту, *e-learning*; *Learning Communities* – мүдделес кісілер тобы үшін белгілі бір пәндік сала туралы жалпы білім жүйесін құруға бағытталған тренинг; *Content Sharing* – оқу материалдарымен алмасуға мүмкіндік беретін веб-беттерге негізделген оқыту; *Virtual Classroom* – мұғалімдер мен студенттерге қарым-қатынас жасауға, өзара әрекеттесуге, ынтымақтастыққа, идеяларды түсіндіруге мүмкіндік беретін онлайн оқыту ортасы; *Web Based Collaboration* (командалық жұмыс) – Интернеттегі құралдар әртүрлі орындардағы адамдарға белгілі бір мақсатқа жету үшін бірге тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді, ұжымдық білім беру қызметін қамтитын тренинг; *Business TV* (бизнес-телевидение) – белгілі бір мақсатты топқа арнайы бейімделген телебағдарламалармен оқыту және т.б. [1, 129]. Цифрлық технологиялардың кеңінен дамуы аралас оқыту түріне өтуге септігін тигізді. К.Бонк пен К.Грэмдің анықтамасы бойынша, «аралас оқыту жүйесі компьютерлік оқыту мен бетпе-бет оқытуды біріктіреді» [2]. И.А. Нагаева, И.А. Кузнецовтың анықтамасы бойынша, «Гибридтік оқыту – дәстүрлі және электронды оқытудың әлеуетті мүмкіндіктерін біріктіретін перспективалық оқыту жүйесі» [1, 136]. Дегенмен аралас және гибриді оқыту түсініктері бір ұғымды білдіре ме? Көбіне оқыту элементтері бірдей болғандықтан, бұл екеуін шатастыру байқалады. М.А.Чошанов екеуіне ортақ бір анықтама беріп: «әр түрлі формадағы қашықтықтан оқыту дәстүрлі оқыту түрлерімен, мысалы, аудиториялық оқытумен біріктірілген оқыту» [3] десе, С. А. Грязнов Гибридтің оқыту мен аралас оқытудың екеуі екі бөлек екенін жақтайды. Оның түсіндіруінше, «Аралас оқыту бетпе-бет оқытуды асинхронды оқыту әдістерімен біріктіреді, мұнда студенттер онлайн жаттығулармен жұмыс істейді және бос уақытында оқу бейнелерін көреді. Гибридті оқыту болса – мұғалімдер студенттерді бетпе-бет және қашықтан оқытатын оқыту әдісі. Гибридтік оқыту үлгілерінде синхронды бетпе-бет оқытуды толықтыру үшін асинхронды оқыту әдістерін пайдалануға болады [4]. Дегенмен С. А. Грязновтың түсіндіруінше, Гибридті оқытудың мақсаты - екі форматтың әлсіз жақтарын азайта отырып, біртұтас оқыту тәжірибесін жасау үшін екі форматты біріктіру болып табылады. Яғни гибриді және аралас тәсілдерді қосып, біріктіруге болады. Шетелдерде қолданыста бар *HyFlex* моделі соның айғағы. Ол онлайн мен офлайн сабақтарды, асинхронды және синхронды әрекеттерді біріктіретін «гибридтің» икемді нұсқасы деуге келеді. Гибридтік оқыту тұжырымдамасына деген әртүрлі зерттеушілердің көзқарастарын ескере келе

Л.Маргулье, М.Маккрекен және Р.Катрамбон оның төрт өлшемін анықтады: Гибридті оқыту оның полюстерінің (экстремалды мәндерінің) бірігуі (біріктіру) негізінде туындайды:

- студенттің оқу орны: аудитория және кампустан тыс орналасқан жер (нақты және виртуалды білім беру орталары);
- оқу материалын беру ортасы (құралы, көзі) (жеткізу ортасы): мұғалім және технология;
- сабақ түрі (нұсқау түрі): лекциялық және практикалық сабақ;
- оқытудың синхрондылық дәрежесі: бүкіл топ үшін оқу қарқыны (синхронды) және оқытудың жеке қарқыны (асинхронды) [5,105].

Гибридті оқытудың артықшылықтарына келсек, оның студенттер мен оқу орындары үшін тиімділігі мен пайдасын анықтайтын бірқатар артықшылықтар бар. Әуелгісі, оқытудағы икемділік. Гибридтік оқытудың негізгі артықшылықтарының бірі студенттердің курстық материалдар мен тапсырмаларға икемді қол жеткізу мүмкіндігі болып табылады. Олар өздерінің жеке кестелері мен жағдайларына сәйкес материалды оқу уақыты мен орнын таңдауға икемділікке ие. Оқытуды даралау тұрғысынан да бұл оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Гибридті оқыту студенттерге материалды меңгеру қарқыны мен тәсілін басқаруға мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі оқу стильдеріне сәйкес келеді және студенттерге олардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес мазмұнды үйренуге мүмкіндік береді. Оқыту әдістерінің әртүрлілігі оқытудың дәстүрлі және онлайн әдістерін қолдану білім беру мүмкіндіктерінің ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл әртүрлі оқыту форматтары арқылы оқытылатын тақырыптар мен пәндерді тереңірек және әмбебап түсінуге ықпал етеді. Оқытудың тиімділігі тұрғысынан Гибридтік оқыту оқушылардың материалды тиімді меңгеруін қамтамасыз етеді. Әртүрлі оқыту әдістерін біріктіру және онлайн ресурстарға қол жеткізу жады мен оқуды жақсартуға көмектеседі. Өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын дамытуға жол ашатындықтан, Гибридтік оқыту форматымен айналысатын студенттердің өзіндік жұмысы мен өзін-өзі реттеу дағдылары қалыптасады. Олар оқу уақытын өз бетінше жоспарлап, оқу үдерісін басқара алады. Оқыту жүктемесінің төмендеуіне септігін тигізетінін де айтқан жөн. Гибридтік оқыту мұғалімдерге негізгі ұғымдарды қайталаудың орнына оқушылардың жеке қажеттіліктеріне көбірек назар аудару және неғұрлым жетілдірілген тақырыптарды талқылау арқылы оқу тәжірибесін оңтайландыруға мүмкіндік береді. Гибридті оқытудың артықшылықтары икемділік пен теңшеуден бастап тиімділік пен оқыту әдістерінің әртүрлілігіне дейін кең ауқымды қамтиды. Бұл тәсіл студенттер мен оқу орындарына оқу процесін жетілдіру және білімді меңгеру тиімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Көптеген мұғалімдер бұл оқыту түрін өзгермелілігіне байланысты таңдайды: яғни ауыспалы сабақ кестесі, үйде немесе сыныпта оқу, студенттер мен мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық пен байланыстың әртүрлі форматтары т.с.с. Рудинский И. Д., Давыдов А.В. гибридті оқытудың өзіндік модельдерін атап көрсетеді: – Rotation: – Ротация: әртүрлі онлайн сабақтары және сыныптағы байланыс жұмыстары; – Flex (икемді): мұғалімдермен бірлесе жұмыс істеуге қарағанда электронды оқыту түрлерінің басым болуы; – Self-Blend (self-mixing): студенттің ауыспалы онлайн сабақтарын дербес ұйымдастыруы және оқытушымен байланысы; – Enriched Virtual (кеңейтілген виртуалды): оқу пәндерін оқытушылармен бірге онлайн форматта және білім беру ұйымының кестесіне сәйкес күндізгі форматта оқу [6]. Гибридтік оқыту моделдері білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді, бұл оны әртүрлі деңгейдегі және қажеттіліктердегі оқушылар үшін қолжетімді және ыңғайлы етеді. Дегенмен, мұндай модельдердің тиімділігі мұқият жоспарлауға, желілік ресурстардың сапасына және мұғалімдер мен студенттердің қолдауына көбірек байланысты. Гибридтік оқытудың принциптеріне келер болсақ, Гибридті оқыту әр оқушының жеке қажеттіліктері мен білім деңгейлеріне бейімделген оқу ортасын құруға ұмтылады. «Оқытуды дараландыру» принципі оқытудың оңтайлы режимін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуді көздейді: материалды өз бетінше меңгеруге арналған онлайн сабақтар немесе тақырыпты талқылау және терең түсіну үшін бетпе-бет сабақтар. «Оқытудың интерактивтілігі және бейімділігі» тұрғысынан Гибридті оқытудың маңызды аспектісі – оқушылар мен мұғалімдердің белсенді өзара әрекетін ынталандыратын интерактивті білім беру құралдары мен құралдарын құру. Әртүрлі оқу стильдері мен студенттік орталарға

бейімделу әр адам үшін тиімді оқу жолын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. «Өз бетінше оқу және мазмұнның қолжетімділігі» принципі студенттерге кез келген уақытта және кез келген жерден оқу материалдарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бейнелекциялар, оқу модульдері және интерактивті платформалар сияқты онлайн ресурстар студенттерге материалды өз бетінше оқуға, сабақтарды қайталауға және тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. «Тұрақты кері байланыс және өнімділікті бағалау» принципі Гибридті оқыту студенттермен үздіксіз кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мұғалімдер студенттерге онлайн ортада оқу әрекеттері туралы кері байланыс береді, бұл студенттерге олардың үлгерімі мен жақсарту бағыттарын түсінуге көмектеседі. Былайша айтқанда, Гибридті оқыту принциптері дәстүрлі оқытудың үздік аспектілерін заманауи технологиялық мүмкіндіктермен біріктіретін тиімді білім беру жүйесі құрылатын іргелі негіздерді білдіреді. Олар заманауи білім берудің өзгермелі қажеттіліктеріне бейімделе отырып, студенттерді оқытуда икемділік, даралау және тиімділікті қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдістер

Мақалада жинақтау әдісімен қазіргі білім берудегі модельдер сараланып, салыстырмалы әдіспен олардың тиімділігі мен кемшіліктері сараланады. Анализ әдісімен Гибридтік білім берудің қазіргі білім беруде алатын орны нақтыланады. Гибридтік оқытуды білім беру тәжірибесіне тиімді енгізуде ескертілетін ұсынастар да жасалады.

Талқылау

Жоғарыдағы мәліметтерді талдай келе, Гибридтік оқытуды білім беру тәжірибесіне тиімді енгізу дәстүрлі және онлайн оқыту әдістерін біріктіретін бірнеше негізгі аспектілерді ескеруді талап ететіні айтуға болады. Гибридтік оқытуды білім беру тәжірибесіне тиімді енгізуде мына негізгі аспектілерге мән беру керектігін ұсынамыз: 1. Технологиялық инфрақұрылым: Гибридті оқытуды сәтті енгізу үшін сенімді технологиялық инфрақұрылымды құру өте маңызды. Бұған жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізу, интерактивті оқытуды және мұғалімдер мен студенттер арасында ақпарат алмасуды қолдайтын қолайлы оқу платформалары мен қолданбаларды ұсыну кіреді. 2. Сапалы онлайн ресурстар: Сапалы онлайн ресурстарды әзірлеу және пайдалану табысты гибридті оқытудың негізгі құрамдас бөлігі болып табылады. Бұған студенттердің жеке қажеттіліктері мен оқу мақсаттарына бейімделген электрондық оқу материалдарын, бейнелекцияларды, интерактивті тапсырмаларды және оқу қосымшаларын дайындау кіреді. 3. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру: мұғалімдердің дайындығы өте маңызды. Олар онлайн оқыту саласында құзыреттілікке ие болуы, желілік педагогиканың әртүрлі әдістерін меңгеруі, технологияны тиімді пайдаланып, виртуалды ортада студенттермен тиімді қарым-қатынас орната білуі керек. 4. Оқыту бағдарламасының икемділігі мен бейімділігі: Гибридті оқыту оқу жоспарында икемділік пен бейімделуге мүмкіндік беруі керек. Бұл студенттерге жеке қалаулары мен қажеттіліктеріне негізделген жеке және онлайн сабақтар арасында таңдауға мүмкіндік беруді білдіреді. 5. Тұрақты кері байланыс және бағалау: Гибридті оқытуда жүйелі кері байланыс пен бағалау жүйесі маңызды рөл атқарады. Оқытушылар студенттерге олардың онлайн әрекеттері туралы кері байланыс беріп, олардың үлгерімі мен жақсарту бағыттарын түсінуге көмектесуі керек. 6. Интерактивті және өзара әрекеттесуді ынталандыру: Тиімді гибридті оқыту мұғалімдер мен студенттер арасындағы, сондай-ақ оқушылардың өздері арасындағы интерактивті және өзара әрекеттесуді ынталандырады. Талқылау, топтық жобалар және ынтымақтастық үшін онлайн платформаларды пайдалану әр қатысушының белсенді қатысуына және қатысуына ықпал етеді. 7. Қолдау және қол жетімділік: Олардың қажеттіліктерінің әртүрлілігін және технологияға қолжетімділік деңгейін ескере отырып, барлық студенттерге қолдау мен қолжетімділікті қамтамасыз ету маңызды. Бұл барлық студенттер үшін құрылғыларға және интернетке қосылуды қамтамасыз етуді қамтуы мүмкін. Гибридті оқытуды тиімді енгізудің бұл негізгі аспектілері гибридті білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу кезінде

ескерілуі тиіс іргелі принциптерді білдіреді. Олар бүгінгі оқушылар үшін икемді, жекелендірілген және тиімді оқу ортасын құрудың негізін құрайды.

Нәтижелері

Болжамды нәтиже ретінде Гибридтік оқыту әдістері білім беру үдерісін икемді және тиімді етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді, нәтижесінде студенттер тереңірек түсінікке, талқылауларға және практикалық тапсырмаларға уақыт арнайды. Бұл оқыту моделінде оқытушы көмекші рөлін атқарып, студенттер белсенді оқушыға айналады, бұл олардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жекелендірілген оқыту арқылы әрбір студенттің жеке қарқынына және қабілетіне сәйкес білім алу мүмкіндігі артады, ал топтық жұмыс пен бірлескен жобалар ынтымақтастық пен ұжымдық шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады. Цифрлық бағалау мен тестілеу нәтижелердің жедел талдануын қамтамасыз етіп, оқу сапасын арттырады. Мультимедиялық құралдарды пайдалану ақпаратты түсінуді жақсартып, оқу процесін қызықты әрі әсерлі етеді. Үздіксіз кері байланыс арқылы студенттер оқу барысында қателіктерін түзетіп, оқыту нәтижелерін жетілдіреді. Осылайша, гибридтік оқыту әдістері білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге және студенттердің сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Болашақта Гибридтік білім беру жоғарғы білім беруде өз сегментін тауып, одан әрі дамып, жалпыға тиімдірек әрі қолжетімді бола түседі. Оқыту процесінің қажеттіліктеріне бейімделе отырып, білім беру тәжірибесін жақсартып, жетістіктерге бастайды деп болжауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Nagaeva I.A., Kuznetsov I.A. Hybrid learning as a potential modern educational process. *Domestic and Foreign Pedagogy*. 2022;1(3):126–139.
2. Баклашкина О.Н., Максимова Н.В., Луц С.С. Преимущества гибридной формы обучения В преподавании иностранных языков. *Baikal Research Journal* электронный научный журнал Байкальского государственного университета. 2021. Т. 12, № 3.
3. Чошанов, М. А. Инженерия дистанционного обучения / М. А. Чошанов. Москва: Лаборатория знаний, 2021. 304 с.
4. Грязнов С. А. Образовательные технологии: гибридное обучение. 10 Желтоқсан, 2023. www.phsreda.com
5. Margulieux, L.E., McCracken, W.M., Catrambone, R.A. Taxonomy to Define Courses That Mix Face-to-Face and Online Learning // *Educational Research Review*. 2016. Vol. 19. P. 104–118.
6. Рудинский И.Д., Давыдов А.В. Гибридные образовательные технологии: анализ возможностей и перспективы применения // *Вестник науки и образования Северо-Запада России*. 2021. Т. 7, № 1. С. 1–9 [Электронный ресурс]. URL: <http://vestnik-nauki.ru>

References

1. Nagaeva I.A., Kuznetsov I.A. Hybrid learning as a potential modern educational process. *Domestic and Foreign Pedagogy*. 2022;1(3):126–139.
2. Baklaşkina O.N., Maksimova N.V., Lus S.S. Preimuşestva gibridnoi formy obuchenia V prepodavanii inostrannyh iazykov. *Baikal Research Journal* elektronnyi nauchnyi jurnal Baikālskogo gosudarstvennogo universiteta. 2021. T. 12, № 3.
3. Choşanov, M. A. İnjeneria distansionnogo obuchenia / M. A. Choşanov. Moskva: Laboratoria znani, 2021. 304 s.
4. Gräznov S. A. Obrazovatelnye tehnologii: gibridnoe obuchenie. 10 Jeltoqsan, 2023. www.phsreda.com
5. Margulieux, L.E., McCracken, W.M., Catrambone, R.A. Taxonomy to Define Courses That Mix Face-to-Face and Online Learning // *Educational Research Review*. 2016. Vol. 19. P. 104–118.

6. Rudinski I.D., Davydov A.V. Gibridnye obrazovatelnye tehnologii: analiz vozmojnostei i perspektivy primeneniya // Vestnik nauki i obrazovania Severo-Zapada Rosii. 2021. T. 7, № 1. S. 1–9 [Elektronnyi resurs]. URL: <http://vestnik-nauki.ru>

Kudaiberdi Bagasharov¹,

¹SDU University, Kaskelen, Kazakhstan

*e-mail: k.bagasharov@sdu.edu.kz

HYBRID LEARNING: COMBINING TRADITIONAL AND ONLINE METHODS OF EDUCATION

Annotation. One of the new concepts in the field of innovative education in modern pedagogy is “Hybrid learning”. The article analyzes the features of hybrid learning as an effective strategy that combines traditional pedagogical methods with innovative online technologies in the context of modern education. In recent years, hybrid learning and blended learning have become a widespread approach in modern education. The basic principles of hybrid learning, important components, and the flexibility and benefits of hybrid learning will be discussed. Additionally, factors that determine the successful implementation of hybrid learning, such as technology support, creation of quality online resources, and teacher professional development, are discussed. The article provides a comprehensive overview of the practical and theoretical aspects of hybrid learning, highlighting its relevance and potential in modern education for creating flexible and personalized educational trajectories. Recommendations are given for the successful implementation of this methodology in the educational process.

Keywords: hybrid education, blended learning, digital trends, innovative teaching method, information technology.

Кудайберди Бағашаров¹

¹SDU University, Каскелен, Қазақстан

*e-mail: k.bagasharov@sdu.edu.kz

ГИБРИДНОЕ ОБУЧЕНИЕ: СОВМЕЩЕНИЕ ТРАДИЦИОННЫХ И ОНЛАЙН МЕТОДОВ ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация. Одной из новых понятий в области инновационного образования в современной педагогике является «Гибридное обучение» (hybrid learning). В статье анализируются особенности гибридного обучения как эффективной стратегии, сочетающей традиционные педагогические методы с инновационными онлайн-технологиями в контексте современного образования. В последние годы гибридное обучение и смешанное обучение (blended learning) становятся широко распространенным подходом в современном образовании. Будут обсуждены основные принципы гибридного обучения, важные компоненты, а также гибкость и преимущества этого обучения. Кроме того, обсуждаются факторы, определяющие успешную реализацию гибридного обучения, такие как технологическая поддержка, создание качественных онлайн-ресурсов и профессиональное развитие учителей. В статье представлен всесторонний обзор практических и теоретических аспектов гибридного обучения, подчеркнута его актуальность и потенциал в современном образовании для создания гибких и персонализированных образовательных траекторий. Даны рекомендации по успешному внедрению данной методики в учебный процесс.

Ключевые слова: гибридное образование, смешанное обучение, цифровые тенденции, инновационный метод обучения, информационные технологии.